

ШӘКӘРІМ ШАҢЫРАҒЫ



Ақпараттық-танымдық басылым

2022 жыл №9 (145) қыркүйек

Ғасырға жуық тарихы Қара Ертістің бойында өрілген, бүгінде Шәкәрімдей ғұламаның есімін иеленіп отырған қасиетті қарашаңырақтың иелері – қадірлі Ұстаздар, құрметті әріптестер!



Заманына қарай амалы дегендей, Шәкәрім университетінің бүгінгі миссиясы да: «Ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген білікті маман дайындаумен қатар, Абай бабамыз аңсаған кемел адамды қалыптастыру».

Өкінішке қарай, пендесі көп, адамы аз заманда ұстазға, шын ұстазға түсер салмақ өте ауыр болып тұр. Кезінде төрт оқу орнының бірігуімен тарихын тәпсірлеп келе жатқан Шәкәрім шаңырағындағы 400-ден астам ұстаз, жаңағы Абай айтқан кемел адамды қалыптастыруда аянбай еңбек етсе, онда қара шаңырақтың шапағаты шарықтай бермек.

Дәл осы ортада тағы бір айтулы күнді атап өтуді жөн көрдім. Ол – ерекше мереке – ардагерлер күні. Еңбек жолын ғылым мен білімге арнап, мыңдаған шәкірт түлеткен аға ұрпақ ұстаздарға тағзым етіп, басымды иемін. Ғасырға жуық тарихы бар Шәкәрім университетінің әр парағын адамдар жазды және қандай адамдар! Өзінің уақытын аямайтын, өзгенің баласын аялайтын аяулы жандар! Бүгінде университеттің тарих тақтасында есімдері алтын әріппен жазылатын:

Қайым Мұхамедханов, Төлеубай Аманов, Жүсіпбек және Кенжебек Дәукеевтер, Байдолла Садықов, Уәлхан Әбділманов, Владимир Талалаев, Мұқан Төлебаев, Ақрам Юнусов, Таупих Досаев, Жұмағали Есекеев, Жұмабек Аутов, Нәдірбек Әпсәлямов, Қажы Нұрсұлтанов, Рахым Мыңжанов, Михаил Панин, Михаил Смирнов, Кеңесхан Қожанов, Абылайхан Ахметжанов, Сәлима Ауғанбаева, Елемес Төлеуов, Қинаят Шаяхметұлы, Оразғали Сейтқазы, Әсемгүл Молдажанова сияқты және тағы басқа бізге ыстық есімдерді еш уақытта ұмытуға болмайды. Олардың ғибратты жолын жас ұрпаққа өнеге ету біздер үшін, болашақ ұрпақ үшін парыз, қажет десеңіз міндет! Дәл осындай ұстаздар шыққан қасиетті қара шаңырақтан білім алғанымды мен аса мақтанышпен айтамын.

Ұстаздар күніне орай университетіміздің үздік педагогтері мен оқытушыларын қолдау, ұлықтау мақсатында білім алушыларымыз «Менің ұстазым», «Ұстазға хат» сынды байқауларды ұйымдастырды. Дәл осы мінберде тұрып, біздердің адам болып қалыптасуымызға бірден-бір себепкер болған, менің ұстазым Арап Еспенбетов бастаған Шәкәрім бабамыз бағамдап берген ар ілімін әр шәкірттің санасына сіңдіруде жанкешті еңбек етіп келе жатқан барлық Шәкәрім университетінің ұстаздарын құттықтай отырып, берекелі ғұмыр тілейміз!

Шәкәрім бабамыздың:

*Адамдық борышың,
Халқыңа қызмет қыл,
Ақ жолдан айнымай,
Ар сақта оны біл,* - деген өсиетін

тұмар еткен әр ұстаз бүгінгі күні тұлғаға айналуға. Ұстаздық тұғырларыңыз биік болсын құрметті әріптестер!

**Құрметпен,
Басқарма төрағасы – Ректор
Бауыржан ЕРДЕМБЕКОВ**

Сіздерді сары күздің салиқалы сағынышындай боп келген ұстаздар күнімен шын жүректен құттықтаймын! Қазақ өлеңінің киесі – Абай бабамыз «адамның адамгершілігі жақсы ұстаздан болады» депті. Абайдан асырып айта алмаспыз!

Ұстаз – ұлы есім. Жерде жүрген кәсіпкер де, айға ұшқан ғарышкер де, ұстаздың алдын көріп, өміріне жолдама алады. Осынау бес күндік жалғанда жақсы ұстазға кезіксең, онда – бағыңның жанғаны, ал, жәй сабақ берушіге жолықсаң – арманыңның солғаны.

Біз осы сөздерді айтып тұрғанда, залда отырған ерқайсыңыздың көз алдарыңызға аса бір мейірімді, шапағаты сәуле шашқан, шын жақсы көретін, ұстаздарыңыздың бейнесі жарқ ете қалғанына көміл сенімдімін. Өйткені, жақсы ұстаздың бейнесі, жақсы адамның жүрегінде мәңгілік сақталады. Сонысымен ұстаз құдіретті!

XX ғасырдың 90-жылдарында ел экономикасы тоқырап, қалың ел ала қап арқалап кетті. Рухани құндылықтардың реңі қашып, материалдық қажеттілік төрге озды.

Жасыратын несі бар, кеңестік кезеңдегі Ұстаз еңсесі еңкейіп, мәртебесін жоғалтуға шақ қалдық. Ол кезеңді де бастан өткердік. Руханиятты кемеліне келтірмей, елдің экономикасын көтеру мүмкін еместігі күн тәртібіне шығып, бүгінгі күні «Педагог мәртебесі туралы» заң күшіне енді. Ұстаздық мамандықтың құны артты. Еңбекақы мен стипендия көтеріле бастады. Тақта жанындағы жанның еңсесі тіктелді.

Ертеңгі күннің еншісі, бүгінгі ұрпақтың тәрбиесі мен біліміне төгілген термен өлшенеді.

ӘУЕЗОВ – ҚАЗАҚ ӨРКЕНИЕТІНІҢ ЖАҢА БОЛМЫСЫН АШҚАН ЖАЗУШЫ

Сөз өнеріне өзгеше өрнек салған кемеңгер жазушы, қазақ поэзиясының пайғамбары Абай есімін жұртына танытқан, әлемге таныстырған Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің туғанына 125 жыл толды. Шәкәрім университетінде қазақтың әдебиеті мен мәдениетіне өзіндік үлес қосып келе жатқан айтулы тұлғалар «Мұхтар Әуезов және ұлт өркениеті» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясында бас қосты.

Алқалы шараға күллі Қазақ еліне белгілі әуезовтанушы ғалымдар, мемлекет және қоғам қайраткерлері, университеттің профессор-оқытушылар құрамы, білім алушылар, Абай облысының әкімдігі, Абай облысының мәслихаты, Нидерланды, Түркия, Қытай және Өзбекстан елдерінен ғалымдар қатысты. Конференция жазушының рухына тағзым етіп, ескерткішіне гүл шоқтарын қою рәсімімен басталды.

Игі іс-шара М.Әуезовтің кемеңгерліген, қазақ және әлем әдебиетіндегі аударма



мәселесін, даралығы мен рухани мұрасын насихаттауға арналды.

Жиынның салтанатты ашылуын ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек және абайтанушы-академик, мемлекеттік сыйлықтың иегері, Shakarim University түлегі Ғарифолла Есім мен Әлішер Науаи атындағы өзбек тілі мен әдебиеті Ташкент мемлекеттік университетінің профессоры Абдулла Улугов Мұхтар Әуезовтің Ұлылар еліндегі орны мен ұлт өркениетіне қосқан үлесін айтып, конференцияның табысты өтуіне тілектестіктерін білдірді.

Shakarim University Басқарма төрағасы – Ректор Бауыржан Ердембеков: «Шәкәрім университетінің миссиясы – ұлттық құндылықтарды бойына сіңізген білікті маман ғана дайындап қою емес, бастысы Абай аңсаған, Әуезов

армандаған толық адам, кемел тұлғаны қалыптастыру. Университеттегі «Абай және ұлттық руханият» ғылыми-зерттеу орталығы осы бағыттың ұйтқысы болуда. Барлық мамандықтарда «Абай әлемі» пәні оқытылады. «Абай әлемі» пәнін оқыған әрбір студент абайтанушы, не мұхтартанушы болып кетпес, бірақ ізгілікке шақырған тұлғалар сөзі әр студенттің жүрегіне тұнса – онда біздің мақсатымыздың орындалғаны».

Тағылымды шара барысында ф.ғ.д., әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры Дандай Ысқақұлы «Мұхтар Әуезовтің аудармашылық өнері», Кастамону университетінің профессоры Орхан Сөйлемез «Көксеректің көзімен Мұхтар Әуезов», ф.ғ.д., профессор Еспенбетов Арап «Мұхтар Әуезовтің бір мақаласы хақында», ф.ғ.к., доцент Әубәкір Жандос «Мұхтар Әуезовтің даралығы», Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің профессоры, ф.ғ.д., Қартаева Айжан «Мұхтар Әуезов мұрасындағы түркі әлемі» тақырыптарында баяндама жасады.

Конференция аясында қатысушылар жазушының әдеби мектебі, өзі негізін қалаған «Абай» журналының бүгінгі тағдыры, ғылыми өмірбаяны, ұлттық құндылық, ана тілі, Әуезов шығармаларын сахналандыру мәселелері төңірегінде пікір алмасты.

Сонымен қатар, жиында әлемдік деңгейдегі монументалды өнер туындыларын Әуезовтің көркем шығармаларындағы кейіпкерлерге арналған композициялық ескерткіштер мен ІТ өнімдер, анимациялық туындыларын жасау керектігі айтылды.

Жансая ТӨЛЕУҒАЗЫ,
журналист



ШӘКӘРІМ ШАҢЫРАҒЫНДА

"БЕЙСЕН ЖӘНЕ БОЛМЫС" КІТАБЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ



Кітапта белгілі журналист, қоғам қайраткері Бейсен Құранбек болмысына экзистенциялық талдау жасалған. Бейсеннің өмірінен мысал келтіре отырып, экзистенция, логотерапия психологиясы ұғымдары кеңінен

Шәкәрім университетінде автордың қатысуымен «Бейсен және болмыс» кітабының тұсаукесері өтті. Рәсімге университет басшылығы, облыстың зиялы қауым өкілдері, педагогтар, ақын-жазушылар және университет пен мектептің білім алушылары қатысты.

түсіндіріледі. Туындыда адам болмысы, қалай ашылды, қалай көрінеді, өмірдегі мәнін қалай анықтайды деген әртүрлі сұрақтарға жауап беріледі.

Кітаптың салтанатты лентта қию рәсімі Шәкәрім университетінің басшысы Б.Ердембеков, Шәкәрім атындағы үш тілде оқытатын көпбейінді гимназия директоры А.Аубакирова, «Басшы боллашақ» Республикалық қоғамдық бірлестігінің Абай облыстық филиалының басшысы А.Рахметуллиндерге берілді.

Жиында Басқарма төрағасы Бауыржан Ердембеков туындының әрбір қазақтың

қарашаңырағында болуы керектігін сөз етті.

– «Қалай бай болу туралы кітап көп. Қалай адам болу туралы кітап жоқ. Мынау сол жоқ... Кітап аламыз! Әрбір кітап сүйер қазаққа сыйлайтын аса бағалы сыйлық. Әсіресе, шәкәрімдіктер үшін. Біздің миссия: ұлттық құндылықтарды бойына сіңізген маман ғана емес, Абай аңсаған кемел(толық) адам тәрбиелеп (қалыптастырып) шығару. Ал, Абайдың қармана іздеп жүргені кім, ол бұзінде – Бейсен Құранбек!» – деді Бауыржан Аманкелдіұлы.

Тұсаукесер барысында кітап

авторы Санжар Керімбай кітапта Б.Құранбектің өмірінен түрлі қызықты деректер берілгендігін, оған философиялық, экзистенциялық бағытта талдау жасалғандығын айтты. Бұл – оқырманға кітапты жай ғана оқып қоя салмай, ондағы айтылған ойдың астарын, салмағын түсініп, өзін тануға, Бейсенді тануға, болмысқа терең бойлауға мүмкіндік береді. Кітаптың шығуына «Отбасы хрестоматиясы» қоғамдық қоры себеп болған. Айта кетерлігі, бұл қордың да атауын Бейсен Құранбек қойыпты.

Жиын соңында Шәкәрім шаңырағы мен «Отбасы хрестоматиясы» Қоғамдық Қоры арасында байланыс орнап, тараптар ұрпақ тәрбиелеу мәселесінде бірлескен жобаны жүзеге асыратын болады.

Медиа орталық

ОБСУЖДЕНЫ ВОПРОСЫ КОММЕРЦИАЛИЗАЦИИ НАУЧНЫХ ПРОЕКТОВ

В настоящее время государство особое внимание уделяет вопросам развития села и агропромышленного комплекса. Президент Республики Казахстан К.Ж. Токаев отмечает необходимость развития производства органической сельхозпродукции и внедрение современных агротехнологий и инноваций.

В Университете Шакарима состоялся семинар на тему «Потенциал сапропеля в растениеводстве в области Абай». В работе семинара приняли участие руководство университета, ученые и профессорско-преподавательский состав, руководство АО «Фонд науки», акимат Абайской области, Бородулихинского, Бескарагайского районов и обучающиеся.

С приветственным словом выступил Председатель Правления Б. Ердембеков, отметив, что все преподаватели вуза должны заниматься научно-исследовательской деятельностью.

«Университет Шакарима имеет большой научный потенциал. На факультете агроменеджмента и ветеринарии ученые активно занимаются проблемами в области ветеринарии и сельского хозяйства. Ученые инженерно-технологического факультета изучают вопросы переработки сельскохозяйственной продукции и пищевой безопасности. Имеются законченные научные проекты и ряд проектов по актуальным темам, выполняющихся в настоящее время», – сказал Бауыржан Амангельдыевич.

В своем выступлении Председатель Правления АО «Фонд науки» А. Шаменов отметил, что наука является драйвером экономики страны и в каждом вузе должны работать центры коммерциализации. Такие центры должны оказывать прямую поддержку научно-исследовательским проектам и повышать научный потенциал вуза.

В свою очередь, Бауыржан Амангельдыевич отметил, что ученые Университета Шакарима готовы оказать ТОО «Taza Jег» максимальную помощь в реализации данного проекта.

«На базе Научного Центра «Агротехнопарк» ведутся агрофизические исследования опытного участка, микробиологические исследования почвы и сапропеля, изучается влияние сапропеля на урожайность и сроки вегетации подсолнечника. В свете этого, предлагаемый проект может внести определенное практическое



значение для национальной экономики, а именно нашей новой области Абай», – отметил ректор.

На семинаре выступили генеральный директор АО «Фонд науки» М. Келдибеков, доктор географических наук, профессор Евразийского национального университета К.Т. Сапаров, руководитель Научного центра радиоэкологических исследований А.Н. Кливенко, главный управляющий Фонда науки Ю.А. Вяткина. Ученые университета, руководители научных центров обсудили с представителями Фонда возможности использования сапропеля в медицине, ветеринарии, промышленности.

Елена ЕВЛАМПИЕВА,
руководитель отдела
по управлению
научной деятельностью



ТАБЫСТЫ АДАММЕН СӘТТІ КЕЗДЕСУ!

Шәкәрім шаңырағында шығыс өңірінен шыққан меценат Құлжанов Шыңғыс Медғатұлымен кездесу өтті. Кездесуге университет басшылығы, профессор-оқытушылар құрамы, студенттер және қаланың «Билер кеңесі» Қоғамдық бірлестігінің төрағасы Жұмақсанов Шаған Манапұлы қатысты.

Туған жерді түлету – азаматтық парыз. Өңірімізде ел сенімін ақтап жүрген кәсіпкерлер некен-саяқ. Солардың бірі өңіріміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына ерекше үлес қосып жүрген танымал кәсіпкер – Шыңғыс Құлжанов.

Шыңғыс Құлжанов - Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық зерттеу университетін 1993 жылы «Инженер-бағдарламашы-жүйе техникі», 2002 жылы «Мұнай кен орындарын игеру және пайдалану» мамандығы және CS Business School-да Executive MBA (Ұлыбритания) бойынша бітірген. 1997-1998 жылдары «ЕРТІСМҰНАЙ СП» ЖШС Бас директоры, 1999-2006 жылдары «Қуат холдинг компаниясы» АҚ Бас директоры, 2012 жылдан бері «Тарбағатай Мұнай» ЖШС Директорлар кеңесінің мүшесі.

Жиын барысында меценат халықаралық еңбек нарығындағы жағдайда Қазақ елін өркендету үшін жастар қандай мамандықтарға бағыт бұруы тиіс?! Қазіргі ғылымдағы инженерия, гидрология және IT салаларын дамыту үшін білімге, дағдыға

қатты көңіл бөлінуі керектігін айтты.

Басқарма төрағасы Бауыржан Аманкелдіұлы өз сөзінде өңірдің әйгілі тұлғаларын дәріптеу және насихаттау мақсатында оқу орнында 30-дан аса мамандандырылған аудиториялар, ғылыми кітапханалар мен арт-студиялар ашылғандығын, үрдістің алдағы уақытта да жалғасын табатындығын атап өтті.

Келелі кездесу барысында отандық кәсіпкерлікті дамыту және қолдау мәселелері, соның ішінде бірқатар әлеуметтік маңызы бар жобаларды жүзеге асыру, студенттердің іс-тәжірибелік базасын ұйымдастыру және бітіруші түлектердің жұмысқа орналасуы бойынша келісім-шартқа отыратындығы талқыланды.

Профессор-оқытушылар құрамы және студенттер Шыңғыс Медғатұлына көкейдегі сауалдарын жолдап, мамандандырылған кабинет ашуға байланысты ұсыныстарын білдірді.

Жиын соңында Шыңғыс Медғатұлы шәкәрімдіктермен суретке түсіп, білім ордасының музейімен танысып, терең тарихына көз жүгіртті. Әлемнің әр елінен келетін ғалымдар мен мәртебелі қонақтардың естелік кітабына да өз қолтаңбасын қалдырды.

Медиа орталық



ШӘКӘРІМДЕ ӘУЕЗОВ МЕРЕЙТОЙЫНА АРНАЛҒАН МАЗМҰНДЫ ШАРАЛАР ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

Шәкәрім университеті клас- сик жазушы, қоғам қайраткері, ғұлама ғалым Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің туғанына 125 жыл толу- ына орай бірнеше мазмұнды шара- ларды ұйымдастырды. Бағдарлама аясында жүзеге асырылған екі ірі шара қатысушылары арнайы сер- тификаттармен марапатталды. Екі шара да педагогтардың кәсіби құзыреттіліктері мен әлеуетін арттыруға бағытталған.

Бірінші шара – Абай облысының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің 25 мұғалімі үшін «Абай мен М.Әуезов шығармаларын оқыту: ізденіс және тәжірибе» тақырыбында 72 сағаттық онлайн курс 12.09–23.09.2022 уақыт аралығында тегін ұйымдастырылды.

Курс барысында тыңдаушылар Абай мен М.Әуезов шығармаларының өзектілігін жаңаша пайымдау, бүгінгі күн талабына қарай оқытудың жолдары мен талдаудың түрлерін меңгерді. Курсты Шәкәрім университетінің Абай, М.Әуезов шығармашылығын зерттеуде, оқытуда мол тәжірибесі мен тың ізденістері бар А.О.Тоқсамбаева, Р.Қ.Сабырбаева, Т.Б.Қабышев, Қ.Ә.Аубакирова, Б.Иісбек сынды ғалым-оқытушылар жүргізді.

Екінші шара – Абай облысы Абай ауданының мектеп дирек- торларына арналған «Көшбасшылық және басшының басқару тиімділігінің дағдылары» тақырыбындағы 6 сағаттық семинар-тре- нинг тегін ұйымдастырылды. Мектеп басшылары «Әсер ету психо-



логиясы», «Білім беру жүйесіндегі өзгерістерді басқару», «Бухгалтерлік есеп - қаржылық сауаттылық негіздері» тақырыптары бойын- ша тренингтен өтіп, өзара тәжірибе алмасты.

Семинар-тренингті өз салаларының шеберлері Г.С.Турсунгожина, О.Г.Беленко, Ұ.Б.Тлемисов, М.В.Измайлова сынды ғалым- оқытушылар өткізді.

Марапаттауда сөз сөйлеген Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор И.А.Оралканова аталған шаралардың маңыздылығына тоқталып, тыңдаушылардың курс пен семинар-тренинг- тен алған білік-дағдылары іс жүзінде пайда- лы болатынына сенім білдірді.

Тыңдаушылар тарапынан да өткізілген шаралардың қолданбалы сипаты,

тақырыптардың өзектілігі ерекше аталып өтілді. Сондай-ақ білімі, тәжірибелерімен бөліскен барлық спикерлерге, ұйымдастырушыларға алғыстарын білдіріп, өз ұсыныс-тілектерін де жеткізді.

Қазіргі әлемнің тұрақсыздығы жағдайында білім беру саласындағы өзгерістермен, жаңашылдықтармен өзара бөлісу, тәжірибе алмасудың маңыздылығы мен қажеттілігі өзекті екені се- минар, курс барысында анық аңғарылды.

Мектеп пен жоғары оқу орны арасындағы ынтымақтастықтың бұл бағыты болашақта да жалғасын табатыны анық.

Кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау орталығы

ПЛОДОТВОРНОЕ НАУЧНОЕ СОТРУДНИЧЕСТВО

Интернационализация высшего образования харак- теризуется уровнем академи- ческой мобильности студентов и преподавателей, интернаци- онализацией учебных планов и программ, созданием реги- ональных и международных вузовских сетей. Интернаци- онализация вузовской науки осу- ществляется через совместные научные исследования в рамках международных программ, экс- порта образовательных услуг и научных достижений. Инте- грация и интернационализация научных исследований реали- зуется посредством проведе- ния совместных исследований, международных конференций

и участия в них, публикации результатов научных исследо- ваний в зарубежных журналах, проведения научных исследо- ваний при предоставлении международных грантов.

С развитием процессов глобализации и интернациона- лизации экономики и бизнеса перед высшим образованием встали новые цели — подготовка профессиональных кадров, способных эффективно рабо- тать в изменившихся условиях глобального рынка

В Университете имени Ша- карима одним из основных трендов развития системы высшего образования явля- ется интернационализация, в



рамках которой привлекаются иностранные ученые из зару- бежных рейтинговых универ- ситетов. Это делается с целью плодотворного научного со- трудничества.

5 сентября 2022 года в Уни- верситет Шакарима с рабочим визитом прибыл доктор PhD, профессор Озай Озпендже из университета Памуккале (Тур- ция).

Благодаря инициативе кото- рого были проведены следую- щие мероприятия:

- чтение лекций по микро- и макроэкономике, государствен- ным финансам для студентов экономических специальностей;

- рабочее совещание с ме-

неджерами образовательных программ по вопросам дудипломного образования;

- проведение семинара по подготовке написания науч- ных статей для публикации в международных журналах, вхо- дящих в базу Web of Science, SCOPUS;

- оказание научно – методи- ческой помощи по написанию диссертаций для магистрантов 2 курса образовательных про- грамм кафедр.

Интегрирование образо- вания охватывает весь спектр преподавательской деятельно- сти.

**Кафедра
«Экономики и финансов»**



МОЙ УЧИТЕЛЬ - МОЙ ПРИМЕР ДЛЯ ПОДРАЖАНИЯ



Хотелось бы поделиться впечатлениями от нового предмета, который появился у нас на 2-м курсе – «Абай әлемі» («Мир Абая»). Кажется бы, сейчас только начинается 4-я неделя, но за прошедшие 3 недели уже есть что сказать: накопился ряд положительных отзывов и впечатлений о предмете и нашем учителе – Сабырбаевой Раушан Қойшанқызы.

Я очень рад, что такой предмет есть в списке изучаемых дисциплин Университета им. Шакарима. Это очень мудрое решение и большой подарок для нас – студентов. С Абаем Кунанбаевым меня познакомили с раннего детства. А теперь у меня есть возможность наиболее глубоко и полно, с научной точки зрения ознакомиться с жизнью и творчеством, философскими воззрениями и идеями Абая Кунанбаева через предмет «Абай әлемі». Вопрос духовного развития сейчас как никогда актуален, интересен для меня лично, как для человека, но и необходим мне как для будущего преподавателя - человека, который будет служить образцом для детей. Как сказал К.К.Токаев, через труды и творчество Абая мы познаем самих себя. И в свою очередь, хотелось бы добавить, что познание самих себя, обращаясь к трудам разных мудрецов, является целью нашей жизни, целью нашего пребывания в мире.

За 3 первые недели изучения дисциплины «Абай әлемі», благодаря грамотной и профессиональной деятельности нашего преподавателя Сабырбаевой Раушан мне удалось получить развитие в разных направлениях. Мы с радостью и вдохновением рассмотрели и вспомнили жизненный путь Абая; с более свежим, новым и глу-

боким взглядом обратились к творчеству Абая. Благодаря дисциплине «Абай әлемі» и тонкому педагогическому подходу преподавателя мы уже знаем наизусть некоторые известные и значимые стихотворения Абая Кунанбаева. Благодаря такому подходу, я с радостью вспомнил свои школьные уроки казахской литературы, тем самым, снова пережил радостные впечатления от предмета и знакомства с Абаем Кунанбаевым.

Наряду с этим наш преподаватель Раушан Қойшанқызы уже смогла сформировать у студентов, и у меня, в частности, образ Абая как духовного учителя, образ его философских воззрений и идей - фундамент нашего духовного развития. На прошедших занятиях мы регулярно обращались к Словам Назидания Абая (Қара сөздер), вникали в суть некоторых произведений и высказываний Абая Кунанбаева. Очень радостно, что в нашей стране есть такой мудрый учитель как Абай Кунанбаев. И очень радостно, что наш преподаватель Сабырбаева Раушан с радостью прививает нам любовь к философу, поэту и композитору, нашему духовному наставнику.

Также я получил развитие по политическому направлению. Большой скачок в этом направлении дало более глубокое

Не могу не отметить и развитие по лингвистическому направлению. Я активно изучаю государственный язык. И урок «Абай әлемі» отлично помогает мне в этом практическом направлении. Иногда я пользуюсь возможностью делать ответы на государственном языке и непосредственно практикую его в своей учебной жизни, что является для меня уникальной возможностью, которую мне предоставляет Университет им. Шакарима и дисциплина «Абай әлемі» в лице нашего учителя Раушан Қойшанқызы.

Конечно же, следует сказать и о развитии в творческом направлении. В рамках дисциплины «Абай әлемі» мы делаем творческие задания, пользуемся возможностью реализоваться творчески: делаем презентации, рассказываем стихотворения, анализируем творчество Абая и тот интересный материал, который связан с его именем. Изучаем то, с какими направлениями развития Казахстана в его истории взаимосвязан Абай и его учения. Безусловно, это очень интересно, и наше мировоззрение становится от этих знаний шире и богаче.

Таким образом, я думаю, мне удалось описать, какую роль сыграло для меня первоначальное знакомство с предметом «Абай әлемі» под руководством нашего учителя Сабырбаевой Раушан Қойшанқызы. Уверен, что дальнейшее знакомство с предметом еще более укрепит мое позитивное отношение к нему, предоставит дальнейшее развитие по указанным мною направлениям во благо нашего развития, во благо нашей страны.

Я искренне выражаю слова благодарности моему преподавателю Сабырбаевой Раушан Қойшанқызы за тот труд, который она делает во благо развития студенческой молодежи через свой предмет. Очень отзывчивый, добрый, позитивно настроенный, вдохновленный, грамотный, профессиональный, эрудированный преподаватель, Раушан Қойшанқызы всегда готова помочь своим студентам через знание, доброе благое слово и дело в рамках предмета «Абай әлемі». Благодарю

Вас, Раушан Қойшанқызы! Поздравляю Вас с днем Учителя! Пусть крепкое здоровье, успешно реализуемое твердое и благое педагогическое намерение, вдохновение, радость и истинное счастье сопутствуют Вам на Вашем пути! Пусть благо, успех и удача сопутствуют Вам в Ваших благих начинаниях. Благодарю Вас за Ваш предмет и благое знание! Будьте счастливы! А мы, студенты, будем достойно идти с полученными знаниями по пути развития нашей страны, во благо нашего Казахстана.

Михаил СОСНИН,
студент 2 курса
Гуманитарно-экономического
факультета



ознакомление со статьей Президента РК К.К. Токаева «Абай и Казахстан 21 века» от 2020 года. Через эту статью, с которой нас познакомила преподаватель и в отношении которой указала нам направление, мне удалось наиболее полно понять тот вектор политического развития, который взял Президент страны. Теперь я имею более четкое представление о том, как и в каких направлениях будет идти и развиваться наша страна. Какой облик вообще в принципе будет иметь наш Казахстан. Через эту статью, написанную Президентом РК К.К.Токаевым в год Абая, удалось познакомиться непосредственно с мировоззрением Президента страны, который в вопросе руководства страной опирается на принципы духовного развития, на принципы Абая Кунанбаева.



МОЙ УЧИТЕЛЬ - МОЙ НАСТАВНИК

Амирханов Кумарбек Жунусбекович, доктор технических наук, профессор, человек с огромным добрым сердцем и бесконечным запасом знания, которые охотно передает всем студентам. Вы вдохновляете своим примером и даете отличную базу, каждому кто проходил у вас обучение хочется оправдать Ваши надежды, используя полученные знания.

*Солидный опыт, кладезь знаний
И череда почётных званий...
Отдали службе много лет,
У Вас нет времени для скуки,
Вы занимаетесь наукой.
Статьи, учебники, доклады...
Так много трудиться надо,
Чтоб иметь в науке результат!
Дарит пусть наука силы,
Радость, бодрость, вдохновения.
Вам желаем мы успехов,
Новых творческих побед.
И в профессии любимой-
Много продуктивных лет.*

Ваша неустанные педагогическая и научная деятельность способствуют росту авторитета пищевой науки, укреплению интеллектуального потенциала Университета.

Ваша поразительная работоспособность и оптимизм, чуткость и доброжелательность, стремление помочь друзьям и коллегам всегда привлекали к Вам сотрудников и студентов, ценящих Ваше доброе дружеское отношение, простоту общения, отзывчивость и порядочность, вызывая признательность и уважение всех, кто Вас знает.

Ваша труд обогащает каждого из нас, стимулируя творческую активность. Огромная честь и удача – учиться у такого преподавателя.

От всей души желаем Вам, Кумарбек Жунусбекович, огромного счастья на многие годы, крепкого здоровья, радости и бодрости духа, всегда отличного настроения, дальнейшей плодотворной творческой деятельности и новых успехов в Вашей благородной работе!

Динара АКИМОВА,
докторант
Инженерно-технологического
факультета

Ұстаздар күні — бұл дәстүрлі әрі бүкілхалықтық мереке десек артық айтқандық болмас. Ұлы ғұламалардың да ұстазы болған, сондықтан болар осы абыройлы міндетті атқарып жүргендеріміз халқымыз әрқашан ерекше құрмет тұтқан. Ұстаздың әр адамның жүрегінен алатын орны айрықша, қолына қалам ұстатып, алғаш әліппені үйреткен мұғалімін жылылықпен еске алмайтындар кемде кем болар.

«Ұстаз» сөзінің өзі «Отан», «Ар», «Адамгершілік» сияқты қасиетті ұғымдардың қатарынан орын тебуінің өзінде үлкен мән жатыр.

Қазақстанның алдында бәсекеге қабілетті елдердің қатарынан көріну міндеті тұр. Бұл өз кезегінде ұстаздардың мойнына екі есе жауапкершілік жүктейді. Себебі, ертеңгі күннің қоғамдық-саяси, экономикалық мәселелерін шеше білетін білімді де білікті ұрпақты тәрбиелеу сіздердің қолдарыңызда, құрметті ұстаздар! Білім берудің күрделі міндеттерін рухани бай, педагогикалық дарыны бар, шығармашылық, кәсіби тәсілдерді жетік меңгерген және жаңалыққа құштар жан-жақты тұлға ғана шеше алады. Сіздердің осы бағыттағы еңбектеріңіз жана берсін демекпін. «Ұстаз бақыты – озып туған шәкірті» десе, аттарыңызды Ай-әлемге паш ететін талантты да білімді шәкірттеріңіз көбейе берсін!

«Ұстаздық етпес жалықпас үйретуден балаға» - деген ұлы Абай бабамыз. Сіздер жас ұрпақтың санасына сыналай енгізетін тәлім-тәрбие, үлгі-өнеге өлшеусіз. Сіздер – жастардың болашағын айқындайсыздар, бүгін екен дәндеріңіз ертеңгі жеңісті – жемісті күннің кепілі. Ұстаз болашақ азаматтарды ғана емес, бүкіл болашақ қоғамды қалыптастырады. Қоғам мен адамзат алдындағы өлшеусіз еңбектеріңізді ескере отырып, Сіздерге өскелең ұрпақ тәрбиелеудегі ерелі жұмыстар және мемлекеттің гүлденуі жолындағы абыройлы істеріңізге толымды табыс тілеймін. Қызығы мен шыжығы қатар жүретін ұстаздық жолдарыңыз тек өрлеу мен есуге бастасын.

**Инженерлік-технологиялық факультетінің
ТО-901 тобының студенттері**

ҰСТАЗСЫЗ - ШӘКІРТ ТҰЛ

Ұстаз – жас буынды, жалпы адамзатты ізгілікке баулып, жақсылыққа тәрбиелейтін, білім беретін оқытушы.

Ұстаз болашақтың алтын көпірі, тірегі мен жүрегі екені алашқа аян. Ұрпақтың ұлы болуы, заман талабымен білім арнасына қосылып, өмір белесін бағындыру – тікелей ұлағатты ұстазбен ұштасып сабақтасатыны хақ. Қасиетті Шәкәрім шаңырағын аттағаннан бастап, жаным жақын ұстазымды таптым десем болады.

Менің ғана емес барлық 1 курс студенттері ол кісінің сабағына қуана барады десем артық емес шығар.

Иә, менің айтып жатқан ұстазым Раукен Жеңісқызы. Бізге әлеуметтік Саясаттану білім модульнен сабақ береді. Ең бірінші сабақта қатал, айтқанынан қайтпайтын, суық көрінген Раукен Жеңісқызы қазір өзіме жақын ұстазым. Ұстазымыз әр сабақ сайын, өмірдегі өз тәжірибесімен бөлісіп, кез келген тығырықтан шығуды үйретуде.

Шынымды айтсам, психологияға 14-15 жасымнан бастап қызығатыным. Жалпы, психология туралы кітаптар оқытыным. Универге келгені осы сабақ болса екен деп сағынатын болдым. Кей білім алушылар, бұл сабақты зер салып оқымауы мүмкін. Бірақ Раукен Жеңісқызымен әр студент өз оқиғасымен бөлісіп, уақыттың қалай тез өтіп кеткенін білмей де қалатын шығар. Себебі сабақтың қызықты өту ұстаз бен студенттің арасындағы байланыстан басталады деп есептеймін.

Жаңа орта, жаңа білім алаңында қалай оқимын? Қалай өзімді еркін ұстап, ортаға қалай сіңісемін деп, сан түрлі ой мазалап жүрген кезде Раукен Жеңісқызына жолыққаным қуаныштымын. «Нашар ұстаз кемшілікті қайталайды, жақсы ұстаз сол кемшіліктен күресу жолын ұсынады» - деп Адольф Дистерверг айтқандай, Раукен Жеңісқызының бойынан қатты ұнағаны, шыншылдығы. Бар кемшілігімізді бетімізге айтып, оны түзетудің жолдарын ұсынғаны, мен үшін үлкен қадам.

«Сендердің жұмыстарыңды бағалағанда бірінші ақпараттың жинақтылығына, содан кейін Сендердің қалай жеткізгендеріңе



қарап бағалаймын. Сендер педагогсыңдар, содан кейін ғана шет тілдерін меңгерген педагогсыңдар. Ең бірінші сөйлеу әдептеріңді түзеңдер», - деп Раукен Жеңісқызы ең бірінші сабақта айтқан кезінде қорқып кеткенім рас. Қайда келдім? Қалай оқимын деп сәл көңіл-күйім түсіп еді. Ал қазір Раукен Жеңісқызының сабағы бітпесе екен деп отырамын. «Бала жүрегі кішкентай күй сандық, сол сандықтың кілтін тапсаң ғана ашылады. Мұғалімнің қолында әр кезде сол кілт тұруы керек» деп Мұхтар Шаханов ағамыз айтқандай, Раукен Жеңісқызына әр баланың жүрегінен не бәрі 3 апта ішінде өз орнын алды десем болады.

Раукен Жеңісқызын ұстаздар мерекесімен құттықтай отырып, шығармашылық табыс тілеймін. Білімді шәкірттеріңіз көп болсын! Сіздей ұстазбен ең қызықты студенттік кезеңімнің басталғанына қуаныштымын.

Өз ұстаздық жолымда Сіздей ұстаздан тәлім алдым деп, өз шәкірттеріме мақтанып айтатындай күн тусын! Әр сабақта тың ақпарат айтып, өмір, тәрбие, адамдық жайлы білімімізді көбейтіп жүрген Раукен Жеңісқызына алғысымыз шексіз!

Ақерке АЙТБАЕВА,
Филология факультетінің
1 курс студенті

«Өзінің шәкірттеріне еңбектен қуаныш табу қабілетін дарыта алатын мұғалім зор даңққа бөленуге тиіс»

Э.Хаббард

Шәкәрім шаңырағының TOP-100, «Абай Құнанбайұлы», «Ұлт көшбасшысы», «Үздік студент» атындағы төсбелгілер, «Үздік ғылыми жоба» сынды марапаттар мен байқаулардың жеңімпазы болғанымды мақтаныш сезіммен айтамын. Бұл мадақтаудың барлығы білім жолы есігін ашқан ұстазым – Назигүл Слямболқызының арқасында.

Алғашқы ғылыми-зерттеу жолында ешбір уақытын аямай, әрдайым маған дұрыс жол нұсқап, әрбір қиындықта демеушім болған менің ұстазым. Сіздің ерең еңбегіңіздің арқасында майталмандай іс атқардық. Менің бүгінгі таңда қолымда ұстап отырған әрбір марапаттау қағаздары Назигүл Газизованың ерең еңбегі.

Ұстазымның ұлағатты нақыл сөздері, кеңесі әрдайым менің жадымда сақталады. Соның ішінде, «Адам баласы арман-мақсаттарына тек білім арқылы жетеді», «Оқыту мен тәрбиелеудің үздіксіз процесі-сапалы білім беруде», «Ешқашан жеңілме, барлық жағдайға дайын бол», - деген нақыл сөздері мен үшін ең басты мотивация.

Есімде, әр сабақ сайын сізбен кездесіп, өзімнің жұмысымды тексеруді асыға күтетінмін. Күн сайын Назигүл Слямболқызы заман талабына сай кәсіби құзыреттілікті арттыратын техникалық базамызға ерекше назар аударған. Сабағымыз күнделікті интерактивті сенсорлық панельдің көмегімен өтетін.



Әрбір конференция, конкурстардан мен қуанып: «Ұстазым, 1-ші орын», - деп күліп шығушы едім. Бұл сәттер- ұмытылмас.

Шын мәнінде мен Шәкәрім университетіне үлкен алғыс білдіремін. Менің болашақта кәсіби білікті маман болып қалыптасуымда сіздердің үлестеріңіз өте зор.

Құрметті менің аяулы да, ардақты ұстазым – Назигүл Слямболқызы. Сізге деген алғысым шексіз. Болашақта Сіздің қажырлы еңбегіңізді ақтаймын деп нақ сеніммен айтамын.

Әсемгүл БОПАБАЕВА,
шәкірті

Ұстаз... жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, ешнәрсені ұмытпайтын... алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі...

Әл-Фараби

ҰСТАЗЫН ОЙЛАМАҒАН ҰЛТТЫҢ БОЛАШАҒЫ БҰЛЫҢҒЫР

«Ұстаздық – ұлы құрмет. Себебі, ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басшысын да, данасын да, ғалымын да, еңбекқор егіншісін де, кеншісін де ұстаз өсіреді... Өмірге ұрпақ берген аналарды қандай ардақтасақ, сол ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да ардақтауға міндеттіміз» деген. Шынымен де, бізге ата-анадан кейінгі тәрбие беруші ұстаз. Ұстаздардың қадірлі екені «Ұстазыңды атаңнан да өзіз тұт» деген ата-бабаларымыздың мақаласынан-ақ айқын көруге болады.

Адамгершілік тәрбиесі, мектеп және кәсіптік білім – ұстаздардың игілікті іске адалдықпен берілген байлығы, олардың орнын ешбір жаңа технология баса алмайды, сондықтан бұл мамандық әлі де көп жылдар бойы өзекті болып қала бермек. Шын мәнінде, нағыз ұстаз, ең алдымен, шәкірттері оны жақсы көретін, әріптестерін құрметтейтін ерекше қасиеттері бар адам. Менің ұстазым, кураторым әрі ақылшым – Жания Хайдарқызы Кажиева.

Білімі мен біліктілігі бойына біткен дара ұстаз, дана ұстаз әрдайым шәкіртінің қамын ойлап, денсаулығына алаңдайтын, көмектесуге тырысатын, өмір жолында жиі кездесетін ғажайып адам. Мен оған кез келген сұрақ немесе мәселе бойынша жүгіне аламын, өйткені мен оның міндетті түрде көмектесетінін білемін.

Мен үшін ұстазымның орны бөлек. Мен кейде үнсіз ойға шомылып, ұстаз деген ардақты тұлға екен ғой деп ойлаймын. Себебі, өзі танымайтын бөтен біреудің баласын өз баласындай тәрбиелеп, болашаққа жол ашып береді. Ал кез келген адам осындай ерлікке барады деп ойлайсыз ба?! Тіпті мекеменің ішінді отырған бастық та, ел қамын ойлап жүрген Мемлекет басшысы да сол ұстаздың арқасында сол жерде жұмыс жасап жүр. «Халық түзелуінің үміті – жастарда. Сондықтан, жастардың қалай оқып, қалай тәрбиеленуі – бәрінен бұрын ескеріп, бәрінен жоғары қойылатын жұмыс», - деген екен өткен ғасырда ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынов. Ұстаз – ұлт болашағының айнасы. Ұстаздарымыздың ұлағаты кемімесін, ұлттымыздың рухы әлсіремесін, ұяты кемімесін, ұлылығы артсын!

Марал ҚАНАТҚЫЗЫ,
Гуманитарлық-экономика факультетінің
4 курс студенті

МЕРЕЙЛІ ҰСТАЗ - МЕЙІРІМДІ АНА

«Адамның жақсы болуы тегінде емес, тәрбиесінде, ақылында, өнер-білімінде. Адамға үш алуан адамнан мінез жұғады: ата-анадан, ұстазынан, құрбысынан. Әсіресе, олардың қайсысын жақсы көрсе, содан көп жұғады»

Абай Құнанбайұлы

Мінезінің көркемдігімен, қарапайымдылығымен, жылы жүзділігімен көңілімнің төрінен орын алған аяулы жан, сүйікті ұстазым – Гүлнұр Бейсембайқызы. Мен үшін тек адами қасиеттерімен ғана емес, өз саласының үздігі ретінде де ерекшеленген тұлға. Ой елегіне салсам, ұстазымнан үйренгенім көп екен. Бойыма жақсы адамның дәнегін егіп, мені қайта қалыптастырған, ізгілікке тәрбиелеген, жүрек шуағымен жылыта білген аяулы ұстазыма деген алғысымның шегі де, шеті де жоқ.

Университет табалдырығын алғаш аттаған кездері жүрегімнің қалай мейірім аңсап езілгенін сөзбен ақтара алмаспын. Сондай күнренген күндердің бірінде алдымнан шартарапқа нұрын шашқан күндей болып ұстазым шықты. Арадан ешқандай бөтендікті де, алыстықты да сезінбедім. Жақын адамымды көргендей қатты қуандым. Іштегімді түгел ақтармасам да, менің әр сөзімді, қимылымды жіті бақылап тұрған ұстазым жай-күйімді бірден аңғарыпты. Сол кезде айтқан жылы сөздері құлағымнан кетпейді.

Уақыт өте Ұстазым маған бір нәрсені дәлелдеді. Жүрегім өмір бойы қап арқалаған қайыршыдай арман арқалап кетпейтініне, ар-

мандарымды орындау қолымнан келетініне, тосыннан келген тосқауылды қасқайып қарсы алып, күліп шығарып сала алатыным, бір сөзбен айтқанда мықты екеніме көзімді жеткізді. Қалай дерсіз. «Ақерке, мен саған сенемін. Сен де өзіңе сен!» деген бір ауыз сөз арқылы. Жаныңа жақын адамның саған шынайы сенгенінен, жаманыңды бетке баспай, қайта оны тәрбиелеуге үлес қосқанынан, жақсылығыңды көрсе, сенен артық қуанғанынан қымбат ештеңе жоқ-ау, сірә. Қазіргі сәтте батыл сын айтатын ақылшымның арқасында мен өзімді шаралаттың шуағында өскен бақытты гүлдердің бірімін деп санаймын.

Меніңше, жүрегі ең кең халық – ұстаздар. Себебі олар жүректеріне өз перзенттерінен бөлек қаншама шәкірттерін де сыйғыза алады. Иә, менің асылдың сынығы, айдынның тұнығындай Гүлнұр ұстазымның жүрегінің көңдігінде шек жоқ!

Қымбатты Ұстазым! Кәсіби мерекеңіз құтты болсын! Береке-бірліктің бастаушысы, игі істердің қостаушысы болып, біздің бағымызға аман жүріңіз! «Адам адамның есінде қалуы үшін үлкен ерліктің керегі жоқ шығар. Мәңгілікке татитын бір әрекет жетіп жатыр» деген Шерхан Мұртазаның сөзі дәл тауып айтылған. Өлемнің қай бұрышында жүрсем де жүрегімнің бір түкпірінде өмір сүре бересіз. Отбасыңызға амандық, ісіңізге шығармашылық табыс тілеймін!

Ақерке МУЛЬКБАЕВА,
Филология факультетінің студенті

Ұстаздарға арнау

Адамзат үшін сыйлаған асқақ арман мол,
Қаламымыменен қалдырған ұлтқа қолдан мөр.
Темірғазығы ұрпаққа, қара түнекті,
Тесіп шығатын, даналықпенен салған жол.

Тұлғасы асқақ, тұмары ой мен тәрбие,
Сөзінде дуа, ісінде шексіз бар кие.
Ардақты тұлға адамның әрбір ұстазы,
Миссиялары өлшенбейтұғын мәнге ие.

Ұмтылған сәтте білімнің биік шамына,
Ұстаздарымыз күш-қуат берді жаныма.
Үйреткен ізгі, тәрбиесі мен білімі,
Сіңіп қалғандай бойдағы ыстық қаныма.

Студенттерден тамсанар салған сан мүсін,
Арнаған іске бойында жиған күшін.
Шабытпен келген, қағазға жазған бұл жырым,
Таусылмайтұғын, ұстазға деген алғысым!

Еркеназ ШАФМАНОВА,
Филология факультетінің
2 курс студенті

Ұлағатты, ұстамды ұстаздарым,
Өздеріңе жырымды арнап жаздым.
Сіздерсіздер көтеріп тұрған бүгін,
Киелі Шәкәрімнің шаңырағын.

Ұстаз болу сыйы ғой бір Алланың,
Дәріптеп Ұлылардың ұлы арманын,
Бүгінгінің батыры мұғалімдер,
Арнаған шәкіртіңе шығар жанын.

Із қалдырып артыңда дараларым,
Өмірден өтті талай даналарым.
Өмір бойы қазаққа қызмет қып,
Аманатын орындаған бабалардың.

Ұстаздарға тілімнен төгілді өлең,
Даяқтаймын жырымды осыменен.
Басымды ием әрқашан баршаңызға.
Құттықтаймын тағы да мерекемен.

Алмат ТӨКЕНОВ,
Филология факультетінің
2 курс студенті

Сарқып ішіп білім дейтін қайнарды,
Ұстаздық болу өміріне айналды.
Суыртпақтап сыр тартқанда тереңнен,
Тылсым дүние тілін жұтып ойланды.

Ұлылық десе жүрегімде жыр тұнған,
Өнеге ғой қалған қазақ жұртымнан.
Жанашыры діліменен тілімнің,
Адастырмас салт-сана мен ғұрпымнан.

Шабыттананам шабаңдоздай шабылам,
Қам көңілім шаттанады салып ән.
Ардақ тұтқан әр-бір халық баласы,
Ұстаздықтың түсірмесін тағынан.

Ұстазға қарап шәкірттері де елеңдер,
Асыра мақтап, асылық айтты демендер.
Сабырмен ғана әр істің табар байыбын,
Ұстаздарымыз ойы — ұшқыр, әрі кемеңгер.

Аямайды олар бар күші менен уақытын,
Бойға сіңір білім нәрі мен жақұтын.
Ұстаздарға терін төккен зор алғыс,
Аялайтын шәкірттерінің бақытын

Дильназ БАЙЕКЕНОВА,
Филология факультетінің
4 курс студенті

Ұстаздар ұлағатты армысыздар,
Біліммен биіктеткен қарлы шыңдар.
Біздерге барын берген, нәрін берген,
Сіздерге айтар шексіз алғысым бар!

Жүрегімде тұрғанда түлеп өлең,
Көкейіне жаман ой түнемеген.
Ұстаздар, анамдайсың мейірімді,
Шәкіртіңе жамандық тілемеген.

Жүректен өлең төктім жыр ағытып,
Ұстаздың ұлықтайық ұлағатын.
Мұндай жандар таппаймыз жер бетінен,
Біз үшін шын ниетпен қуанатын.

Ақжігіт АБЗАЛБЕКҮЛЫ,
Филология факультетінің
4 курс студенті



Құрылтайшысы:
«Семей қаласының
Шәкәрім атындағы
университеті»
КеАК

Қазақстан
Республикасының
Ақпарат және
коммуникациялар
министрлігінің
Ақпарат комитеті
берген тіркеу куәлігі
№ 17310-Г
13 қазан 2018 жыл.

Бас редактор: Жансая ТӨЛЕУҒАЗЫ
Дизайнер: Серікбол МЫРЗАБЕКОВ
Фотограф: Мақсат ЖАРҚЫНҰЛЫ

semgu_2020@bk.ru

http://shakarim.edu.kz/

@shakarim_university_

Білім алушы жастарға арналған
ақпараттық-танымдық басылым
айына бір рет шығады.

Газет «Семей қаласының Шәкәрім атындағы
университеті» КеАК медиа орталықта
басылып шығарылды.
Таралымы 500 дана

Редакцияның мекен-жайы:
Семей қаласы, Глинка көшесі, 20 а